

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 659 қаулысына өзгерту енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 5 қаңтар N 20. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.

Өзен кен орнын оңалту және "Өзенмұнайгаз" өндірістік бірлестігін акциялау мен жекешелендіру жөнінде тендер бойынша консультант сайлау жобасын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. "Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1135 Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 659 P950659_ қаулысының қосымшасына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 17, 196-құжат) мынадай өзгерту енгізілсін:

Мұнай-газ саласы кәсіпорындарының тізбесінен "Өзенмұнайгаз" акционерлік қоғамы" сөздері алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі басқа да мүдделі министрліктермен, комитеттермен және өзге де мемлекеттік органдармен келісе отырып, "Өзенмұнайгаз" өндірістік бірлестігін акцияларын және тендерлік негізде сайланған тәуелсіз консультантты тарта отырып, оның қызметіне Дүниежүзілік банктің N 3744-KZ (Мұнай саласына техникалық көмек жобасы) займының қаражаты есебінен ақы төлей отырып, жекешелендіруді жүзеге асырсын. Қазақстан Республикасының Пр е м ь е р - М и н и с т р і